

**"Мемлекеттік мүлікті мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру қағидаларын бекіту туралы
" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика Министрінің 2015 жылғы 17 наурыздағы
№ 212 бұйрығына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Ұлттық Экономика министрінің 2015 жылғы 23 қазандағы № 679 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 27 қарашада № 12327 болып тіркелді

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. «Мемлекеттік мүлікті мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика Министрінің 2015 жылғы 17 наурыздағы № 212 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10467 болып тіркелген, 2015 жылғы 3 сәуірде «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгертулер мен толықтырулар е н г і з і л с і н :

осы бұйрықпен бекітілген Мемлекеттік мүлікті мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру қағидаларында (бұдан әрі – Қағидалар):

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) жалға беруші – мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган немесе жергілікті атқарушы орган (жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы орган) не аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімі;

2) жалдаушы (жалға алушы) – егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе жеке және мемлекеттік емес заңды тұлғалар;

3) кепілдік жарнасы – тендерге қатысу үшін жеке немесе мемлекеттік емес заңды тұлға енгізетін ақшалай сома;

4) қатысушы – тендерге қатысу үшін белгіленген тәртіппен тіркелген жеке немесе мемлекеттік емес заңды тұлға;

4-1) мемлекеттік мүлікті есепке алу саласындағы бірыңғай оператор – Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 15 шілдедегі № 802 қаулысына сәйкес құрылған заңды тұлға;

5) мүліктік жалдау (жалға алу) объектісі (бұдан әрі – объект) – су шаруашылығы құрылыстарын, жер учаскелерін, тұрғын үй қорын және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне бекітілген мүлікті, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының әскери мүлкін және пайдаланылмайтын әскери мүлкін қоспағанда, мемлекеттік меншіктегі жылжымалы және жылжымайтын мүлік (з а т т а р) .

Ақша, бағалы қағаздар және мемлекеттің мүліктік құқықтары мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру шартының объектісі (нысанасы) болып табылмайды;

б) тендер – бұл жалға беруші өзі ұсынған бастапқы шарттар негізінде жалға беруші үшін ең жақсы шарт талаптарын ұсынатын тендерге қатысушылардың бірімен шарт жасасуға міндеттенетін тізілімнің веб-порталын пайдалана отырып, электрондық форматта өткізілетін объектілерді мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру жөніндегі с а у д а - с а т т ы қ н ы с а н ы ;

7) теңгерім ұстаушы – объект жедел басқару немесе шаруашылық жүргізу құқығында бекітілген мемлекеттік заңды тұлға;

8) тізілімнің веб-порталы – www.gosreestr.kz мекенжайы бойынша Интернет желісінде орналастырылған, мемлекеттік мүлікті жалдауға (жалға алуға) беру шарттары бойынша электрондық дерекқорға бірыңғай қол жеткізу нүктесін ұсынатын интернет-ресурс (бұдан әрі – Тізілім);

9) Ұлттық почта операторы – Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 31 желтоқсандағы № 1386 қаулысына сәйкес құрылған заңды тұлға;

10) шарт – мемлекеттік мүлікті мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру шарты;

11) электрондық құжат – ақпарат электрондық-цифрлық нысанда берілген және электрондық цифрлық қолтаңба арқылы куәландырылған құжат;

12) электрондық цифрлық қолтаңба (бұдан әрі – ЭЦҚ) – электрондық цифрлық қолтаңба құралдарымен жасалған және электрондық құжаттың дұрыстығын, оның тиесілігін және мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын электрондық цифрлық с и м в о л д а р т е р і м і . » ;

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«8. Үй-жайларды, ғимараттар мен құрылыстарды екінші деңгейдегі банктердің есеп айырысу-кассалық бөлімдеріне және халыққа қызмет көрсету орталықтарының теңгеріміндегі үй-жайларды жалдауға (жалға алуға) беру берілетін объектінің ауданына қарамастан тендер негізінде жүргізіледі.»;

10-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«10. Объектіні тендер өткізбей мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес берілген нысан бойынша өтінімнің негізінде (бұдан әрі – өтінім) объектіні мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру жүзеге асырылады.

Өтінім мынадай құжаттарды:

1) заңды тұлғалар үшін – заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің (заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы анықтаманың) және жарғының көшірмелерін ;

2) жеке тұлғалар үшін – өтінім берушінің жеке басын куәландыратын құжаттың, жеке кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы куәлік (жеке кәсіпкерлер үшін) көшірмелерін, тұрғылықты жерінен мекенжай анықтамасын қоса бере отырып; шетелдік жеке немесе заңды тұлғалар үшін – мемлекеттік және/немесе орыс

тілдеріне нотариалдық куәландырылған аудармасы бар шетелдік паспорт немесе құрылтай құжаттарын, не көрсетілген құжаттардың электрондық (сканерленген) көшірмелерін, объектінің атауын, оның баланс ұстаушысын, сондай-ақ объектіге қажеттілік негіздемесін көрсетумен электрондық нысанда тізілімнің веб-порталында р е с і м д е л е д і . » ;

14-тармақтың 6) және 10) тармақшалары алып тасталсын;

17-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«17. Тендер комиссиясының құрамына жалға берушінің, баланс ұстаушының, Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасының және өзге ұйымдардың өкілдері енгізіледі. Тендер комиссиясы мүшелерінің саны кемінде бес адамды құрайды. Жалға берушінің өкілі комиссия төрағасы болып табылады.

Комиссияның құрамын жалға беруші бекітеді.

Тендер комиссиясының хатшысы жалға берушінің өкілі болып табылады және комиссия мүшесі болып табылмайды. Комиссияның хатшысы тендерді өткізу күні веб-порталда тендер нәтижелері туралы хаттаманы қалыптастырады және оны оған комиссия мүшелері дауыс беру рәсімінен кейін жариялайды.»;

18-тармақтың 3) тармақшасы алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 20-1-тармақпен толықтырылсын:

«20-1. Мемлекеттік мүлікті есепке алу саласындағы бірыңғай оператор тізілім веб-порталының жұмыс істеуін қамтамасыз етеді, сондай-ақ қатысушылардың кепілдік жарналарын қабылдайды, жалға берушінің шотына тендерде жеңген қатысушының кепілдік жарнасын аударды және тендердің басқа қатысушыларына кепілдік ж а р н а л а р д ы қ а й т а р а д ы . » ;

21-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«21. Қатысушыларды тіркеу тізілімнің веб-порталында тендер өткізу туралы хабарлама жарияланған күннен бастап жүргізіледі және тендер өткізілгенге дейін екі с а ғ а т б ұ р ы н а я қ т а л а д ы . » ;

24-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«24. Қатысушы ретінде тіркелу үшін тізілімнің веб-порталында қатысушының ЭЦҚ-мен қол қойылған осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес берілген нысан бойынша мемлекеттік мүлікті мүліктік жалдауға (жалға алуға) ұсыну бойынша тендерге қатысуға ө т і н і м д і т і р к е у қ а ж е т . » ;

25-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«25. Қатысушылар Тізілімнің веб-парағында арнайы бөлінген электрондық конвертке жүктелетін тендерлік шарттарға келісімі мен бағалық ұсынысты тендерге қатысуға өтінімді тендерді өткізу туралы хабарламада көрсетілген қатысушыға (жалға алушыға) қойылатын талаптарға сәйкестігін растайтын құжаттардың электрондық (сканерленген) көшірмелерін қоса бере отырып тіркейді.

Шетелдік жеке немесе заңды тұлғалар қазақ және/немесе орыс тілдерінде

нотариалды куәландырылған аудармасы бар шетелдік паспортының немесе құрылтай құжаттарының нотариалды расталған көшірмелерін ұсынады.»;

27, 28 және 29-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«27. Қатысушының осы Қағидалардың 23 және 25-тармақтарында көрсетілген талаптарды сақтамауы, сондай-ақ тендерді өткізу туралы хабарламада көрсетілген кепілді жарнаның мемлекеттік мүлікті есепке алу саласындағы бірыңғай оператордың шотына түспеуі тізілім веб-порталының өтінімді қабылдаудан бас тартуы үшін негіз болады.

28. Мемлекеттік мүлікті есепке алу саласындағы бірыңғай оператордың шотына кепілді жарнаның түскені туралы мәліметтер болған жағдайда, тізілімнің веб-порталы өтінімді қабылдауды және қатысушыны тендерге жіберуді жүзеге асырады. Мемлекеттік мүлікті есепке алу саласындағы бірыңғай оператордың шотына кепілді жарнаның түскені туралы мәлімет болмаған жағдайда, тізілімнің веб-порталы қатысушының өтінімін кері қайтарады.

Тізілімнің веб-порталы тізілімнің веб-порталында көрсетілген қатысушының электрондық мекенжайына өтінімді қабылдау не өтінімді қабылдаудан бас тарту себептері туралы электрондық хабарлама жібереді.

29. Қатысушылар тендер өткізу туралы хабарламада көрсетілген мөлшерде, мерзімдерде және тәртіппен, мемлекеттік мүлікті есепке алу саласындағы бірыңғай оператордың шотына кепілдік жарна енгізеді.

Кепілдік жарнаны қатысушы не қатысушының атынан кез келген жеке және заңды тұлға енгізеді.

Кепілдік жарнаның мөлшері хабарлама жарияланғаннан кейін өзгертілмейді.

Жылжымайтын мүлік объектісі берілген кезде, тендерге қатысу үшін кепілдік жарнаны тендер комиссиясы мүліктік жалдауға (жалға алуға) берілетін объект үшін жалға алушының қызмет түрі мен жалға алушының ұйымдастырушылық-құқықтық нысаны ескерілетін коэффициенттерді ескермей есептелген айлық жалдау төлемі мөлшерінде белгілейді. Өзге мүлік берілген кезде, кепілдік жарна айлық жалдау ақысы мөлшерінде белгіленеді.»;

31-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«31. Мемлекеттік мүлікті есепке алу саласындағы бірыңғай оператор кепілді жарнаны мынадай:

1) тендер жеңімпазының ұсыныстарына жауап беретін шарттарда шартқа қол қоюдан бас тартқан жағдайда жеңімпазға;

2) тендер нәтижелері туралы хаттамаға қол қоймаған жағдайда жеңімпазға қайтармайды.

Осы Қағидалардың 46-тармағын қоспағанда, қалған барлық жағдайларда кепілді жарналарды мемлекеттік мүлікті есепке алу саласындағы бірыңғай оператор тендер өткізілгеннен үш жұмыс күні өткен соң тендерге қатысушы өтінімде көрсеткен

деректемелерге

қайтарады.» ;

35 және 36-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«35. Егер өтінімдерді қабылдау мерзімі аяқталған сәтте бір ғана өтінім тіркелген болса (екінші және келесі тендерлерді қоспағанда), тендер өтпеді деп танылады.

Өтінімдерді қабылдау мерзімі аяқталған сәтте кемінде бір өтінім тіркелген болса, екінші және кейінгі тендерлер өтті деп танылады.

Егер тендер өтпеді деп танылған жағдайда, тендерге қатысуға арналған өтінімдерді ашу жүргізілмейді және тендер өткізу туралы хабарламада көрсетілген күн мен уақыттан кейін жиырма төрт сағат ішінде жалға беруші ЭЦҚ-ны пайдалана отырып тізілімнің веб-порталымен қалыптастырылатын өтпеген тендер туралы актіге қол қояды .

36. Тендер тізілімнің веб-порталында Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген демалыс және мереке күндерін қоспағанда, сейсенбіден жұма аралығында өтеді. Тендер Астана қаласының уақыты бойынша сағат 10:00-ден бастап сағат 13:00-ге дейінгі кезеңде өткізіледі.

Тендерге қатысуға өтінімдерді ашу тендер өткізу туралы хабарламада көрсетілген күн мен уақыттың басталуы бойынша тізілімнің веб-порталы арқылы автоматты түрде жүргізіледі . » ;

38-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«38. Тендерді өткізу кезінде ұсынысы объект үшін жалдау төлемінің ең жоғары сомасын ұсынған және тендерлік құжаттамада қамтылған барлық талаптарға сай келетін тендерге қатысушы тендер жеңімпазы деп жарияланады.

Қатысушылар ұсынған жалдау төлемақысының сомасы сәйкес (тең) болған жағдайда тендерге қатысу туралы өтінімді бұрын тіркеген қатысушы жеңімпаз болып танылады . » ;

40-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«40. Тендер нәтижелері туралы хаттама комиссияның хатшысымен тізілімнің веб-порталында қалыптастырылады және ол өткізілген күні жалға беруші мен жеңімпаз ЭЦҚ-ны пайдалана отырып қол қояды.» ;

53-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«53. Мемлекеттік заңды тұлғалардың балансында тұрған мемлекеттік тұрғын емес қордың объектілерін мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру кезінде жылдық жалдау ақысын есептеу осы Қағидалардың 3-қосымшасына сәйкес тұрғын емес үй-жайдың салыну үлгісі, түрі, жайлылық дәрежесі, аумақтық орналасуы, жалдаушы қызметінің түрі, жалдаушының ұйымдық-құқықтық нысаны ескерілетін, қолданылатын коэффициенттердің базалық мөлшерлемесі мен мөлшерлері негізінде анықталып, мына формула бойынша жүзеге асырылады:

$$A_n = P_{bc} \times S \times K_t \times K_k \times K_{ск} \times K_p \times K_{вд} \times K_{опф},$$

м ұ н д а :

Ап – жылына мемлекеттік заңды тұлғалардың балансында тұрған мемлекеттік тұрғын емес қордың объектілерін жалдау ақысының мөлшерлемесі;

Рбс – 1 шаршы метрге жылына теңге жалдау ақысының базалық мөлшерлемесі;

S – жалға алынатын алаң, шаршы метр;

Кт – құрылыс үлгісі ескерілетін коэффициент;

Кк – тұрғын емес үй-жайдың түрі ескерілетін коэффициент;

Кск – қолайлылық дәрежесін ескерілетін коэффициент;

Кр – аумақтық орналасуын ескерілетін коэффициент;

Квд – жалдаушының қызмет түрі ескерілетін коэффициент;

Копф – жалдаушының ұйымдастыру-құқықтық нысаны ескерілетін коэффициент;

Жабдықтарды, автокөлік құралдары мен басқа да тұтынылмайтын заттарды мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру кезінде жалдау ақысын есептеу айырысуы мына формула бойынша жүзеге асырылады:

$$A_{п} = C \times N_{ам} / 100 \times K_{п}$$

м ұ н д а :

Ап – жылына жабдықтар, көлік құралдары мен басқа да тұтынылмайтын заттар үшін жалдау ақысының мөлшерлемесі;

С – бухгалтерлік есеп деректері бойынша жабдықтардың қалдық құны;

100 пайыз тозуы есептелген жабдықтарды, көлік құралдары мен басқа да тұтынылмайтын заттарды мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру кезінде қалдық құны бастапқы (қалпына келтіру) құнынан 10 пайыз мөлшерінде қабылданады;

N_{ам} – Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Кодексінің (Салық кодексі) 120-бабына сәйкес амортизацияның шекті нормалары;

K_п – төмендету коэффициенті (жабдықтар мен көлік құралдары алпыс пайыздан аса тозу кезінде қолданылады – 0,8 мөлшерінде, сауда-сатып алу (делдалдық) қызметті қоспағанда, өндірістік қызметті ұйымдастыру және халыққа қызмет көрсету саласын дамыту үшін шағын кәсіпкерлік субъектілеріне беру кезінде – 0,5 мөлшерінде).

Мемлекеттік заңды тұлғалардың балансындағы мемлекеттік тұрғын емес қор объектілерін, сондай-ақ жабдықтарды, көлік құралдарын және басқа да тұтынылмайтын заттарды сағат бойынша мүліктік жалдауға (жалға алу) ұсыну кезінде жалдау ақысын есептеу мына формула бойынша жүзеге асырылады:

$$A_{ч} = A_{п} / 12 / Д / 24,$$

м ұ н д а :

Ач – сағатына мемлекеттік заңды тұлғалардың балансындағы мемлекеттік тұрғын емес қордың объектілері, жабдық, көлік құралдары және басқа да тұтынылмайтын заттар үшін жалдау ақысының мөлшерлемесі;

Ап – жылына мемлекеттік заңды тұлғалардың балансындағы мемлекеттік тұрғын емес қордың объектілері, жабдық, көлік құралдары және басқа да тұтынылмайтын

заттар үшін жалдау ақысының мөлшерлемесі;

Д – объектілерді мүліктік жалдауға беру жүзеге асырылатын айдағы күндер саны.

Гимараттағы үй-жайлардың бір бөлігін жалдағаны үшін төленетін ақыны есептеу кезінде мүліктік жалдауға (жалға алу) берілген ауданның 25 % мөлшерінде осы аудандарды жалға алушының жалпы пайдаланымдағы орындарға қолжетімділігі ескерілуі қажет.

Түскі ас залдары бар орта білім беретін мемлекеттік заңды тұлғалардың асханаларын мүліктік жалдау (жалға алу) кезінде, жалдау есебіне түскі ас залдарының алаңы мүліктік жалға берілмейтіндіктен, тек тағам блогының алаңы мен қосалқы үй-жайлар қосылады.

Орта білім беретін мемлекеттік заңды тұлғалардағы мүліктік жалдауға (жалға алу) берілетін үй-жайларды жалға алу ақысының мөлшерлемесін есептеу, орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша көрсетілетін қызметтерді сатып алу туралы шарт жасасқан өнім беруші жазбаша өтініш берген кезде бір оқу жылына жүргізіледі.»;

Қағидаларға берілген 1-қосымша осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

Қағидаларға берілген 2-қосымша осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

Қағидалар осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес берілген 3-қосымшамен толықтырылсын.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Мемлекеттік активтерді басқару саясаты департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін он күнтізбелік күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспасөз басылымдарында және «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберілуін;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ұлттық экономика министрі

Қазақстан Республикасының
Е. Досаев

« К Е Л І С І Л Д І »

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрі

Б. Сұлтанов

2015 жылғы 8 қазан

Қазақстан

Республикасы

Ұлттық

экономика

министрінің

2015

жылғы

23

қазандағы

№

679

бұйрығына

1-қосымша

Мемлекеттік

мүлікті

мүліктік

жалдауға

(жалға

алуға)

беру

қағидаларына

1-қосымша

нысан

Объектіні мүліктік жалдауға (жалға алуға) ұсыну бойынша ӨТІНІМ

1. Мемлекеттік мүлік тізілімінің веб-порталында жарияланған мемлекеттік мүлікті мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру туралы хабарламаны қарап және Мемлекеттік мүлікті мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру қағидаларымен танысып,

(жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) немесе заңды тұлғаның атауы және заңды тұлғаның басшысының немесе сенімхат негізінде әрекет ететін өкілінің тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) төменде көрсетілген объектіні жалға алуға ниет білдіреді. Мүліктік жалдау (жалға алу) объектісі (-лері) туралы мәліметтер:

Мүліктік жалдау (жалға алу) объектісінің атауы	Мүліктік жалдау (жалға алу) объектісінің теңгерім ұстаушысының атауы және деректемелері

Мүліктік жалдау (жалға алу) объектісі _____ үшін қажет. (объектіге қажеттілік негіздемелері көрсетіледі)

2. Өзім(із) туралы мынадай мәліметтерді ұсынамын (-мыз):

Заңды

тұлғалар

үшін:

Атауы _____

БСН _____

Басшының тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) _____

Мекенжайы: _____

Телефон (факс) нөмірі: _____

Шарт жасасу үшін банк деректемелері:

ЖСК _____
БСК _____
Банктің атауы _____
Кбе _____

Өтінімге мыналар қоса беріледі:

- 1) _____
- 2) _____
- 3) _____ қоса беріледі.

Жеке тұлғалар үшін: тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда):

ЖСН _____
Паспорт деректері _____
Мекенжайы: _____
Телефон (факс) нөмірі: _____

Банк деректемелері:

ЖСК _____
БСК _____
Банктің атауы _____
Кбе _____

Өтінімге мыналар қоса беріледі:

- 1) _____
- 2) _____
- 3) _____ қоса беріледі.

_____ (қолы) _____ (жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) немесе заңды тұлғаның атауы және заңды тұлғаның басшысының немесе сенімхат негізінде әрекет ететін өкілінің тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) 20__ ж. «__»_____.
М . О .

Өтінімді мемлекеттік мүлік тізілімінің веб-порталы

20__ ж. «__»_____ 20__ ж. сағат «__» минутта қабылдады.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Ұ л т т ы қ э к о н о м и к а м и н и с т р і н і ң
2 0 1 5 ж ы л ғ ы 2 3 қ а з а н д а ғ ы
№ 6 7 9 б ұ й р ы ғ ы н а

2-қосымша

Мемлекеттік мүліктік мүліктік
жалдауға (жалға алуға)

б е р у қ а ғ и д а л а р ы н а
2 - қ о с ы м ш а
нысан

Мемлекеттік мүлікті мүліктік жалдауға (жалға алуға) ұсыну бойынша тендерге қатысуға ӨТІНІМ

1. Мемлекеттік мүлікті мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру туралы жарияланған хабарламаны қарап және мемлекеттік мүлікті мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру қағидаларымен танысып,

(жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) немесе заңды тұлғаның атауы және заңды тұлғаның басшысының немесе сенімхат негізінде әрекет ететін өкілінің тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) www.gosreestr.kz мемлекеттік мүлік тізілімінің веб-порталында _____ 20____ жылғы «___» _____ болатын тендерге қатысуға ниет білдіреді.

2. Мен (біз) тендерге қатысу үшін мемлекеттік мүлікті есепке алу саласындағы бірыңғай оператордың арнайы транзиттік шотына жалпы сомасы _____ (_____) теңге (саны) (жазбаша сомасы цифрмен) _____ кепілдік жарнаны (жарналарды) енгіздім (к).»;
(саны)

Кепілдік жарнасы енгізілген мүліктік жалдау (жалға алу) объектілері туралы мәлімет:

/с	Мүліктік жалдау (жалға алу) объектісінің атауы	Аударуға жататын кепілдік жарнасының сомасы, теңге
	Жиыны	

Енгізілген кепілдік жарналары туралы мәлімет:

р/с	Кепілдік жарнасының белгіленуі және тендерге қатысу үшін кепілдік жарнасы енгізілген мүліктік жалдау (жалға алу) объектісінің атауы	Төлем құжатының №	Төлем құжатының күні	Кепілдік жарнаның сомасы, теңге
	Жиыны			

3. Қатысушыға қойылатын талаптарға мен (біз) сәйкес емес екенім (із) анықталған жағдайда, мен (біз) тендерге қатысу құқығынан

айырылуымен, мен (біз) қол қойған тендер нәтижелері туралы хаттама және мемлекеттік мүлікті мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру шарты жарамсыз деп танылуымен келісемін (із).

4. Егер мен (біз) тендер жеңімпаз(дар)ы деп танылған жағдайда өзімізге тендер нәтижелері туралы хаттамаға өткізілген күні қол қою және тендер өткен күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде мемлекеттік мүлікті мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру шартына қол қою міндеттемелерін аламыз.

5. Мынадай:

1) тендер өткізілген күні тендер нәтижелері туралы хаттамаға қол қоймаған;

2) белгіленген мерзімде мемлекеттік мүлікті мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру шартына қол қоядан бас тартқан жағдайларда мен (біз) енгізген кепілдік жарна сомасының қайтарылмайтынына және жалға берушіде қалатынына келісемін (-міз).

6. Осы өтінім тендер нәтижелері туралы хаттамамен бірге мемлекеттік мүлікті мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру шарты жасалғанға дейін қолданылатын шарт күшіне ие.

7. Өзім(із) туралы мынадай мәліметтерді ұсынамын (-ыз):
З а ң д ы т ұ л ғ а л а р ү ш і н :

Атауы _____
БСН _____
Басшының тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) _____

Мекенжайы: _____

Телефон (факс) нөмірі: _____

Кепілдік жарнаны қайтаруға арналған банктік реквизиттер:

ЖСК _____

БСК _____

Банктің атауы _____

Кепілдік жарнаны төлеген тұлғаның ЖСН/БСН Кбе _____

Өтінімге мыналар қоса беріледі:

1) _____

2) _____

3) _____ қоса беріледі.

Ж е к е т ұ л ғ а л а р ү ш і н :

тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда): _____

ЖСН _____
 Паспорт деректері _____
 Мекенжайы: _____
 Телефон (факс) нөмірі: _____
 Кепілдік жарнаны қайтаруға арналған банктік реквизиттер: _____
 ЖСК _____
 БСК _____
 Банктің атауы _____
 Кепілдік жарнаны төлеген тұлғаның ЖСН/БСН Кбе _____

Өтінімге мыналар қоса беріледі:

- 1) _____
- 2) _____
- 3) _____ қоса беріледі.

(жеке тұлғаның қолы, тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) немесе заңды тұлғаның атауы және заңды тұлғаның басшысының немесе сенімхат негізінде әрекет ететін өкілінің тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) 20__ ж. «__» _____.

Қ а з а қ с т а н Республикасы
 Ұ л т т ы қ экономика министрінің
 2 0 1 5 ж ы л ғ ы 2 3 қ а з а н д а ғ ы
 № 6 7 9 б ұ й р ы ғ ы н а

3-қосымша

Мемлекеттік мүліктік мүліктік
 жалдауға (жалға алуға) беру
 қағидаларына 3-қосымша

Тұрғын емес үй-жайдың салыну үлгісі, түрі, қолайлылық дәрежесі, аумақтық орналасуы, жалдаушының қызмет түрі, жалдаушының ұйымдық-құқықтық нысаны ескерілетін коэффициенттердің қолданылатын базалық мөлшерлемесі мен мөлшерлері

№	Базалық мөлшерлемелер	Базалық мөлшерлеменің мөлшері
	Әкімшілік-аумақтық бірлік	
1	Астана және Алматы қалалары	Тиісті жылға арналған республикалық бюджет туралы Қазақстан Республикасының Заңымен белгіленген 2,5 айлық есептік көрсеткіш
2	ауыл, кент, ауылдық округ, қаладағы аудан, қала, аудан, облыс	Тиісті жылға арналған республикалық бюджет туралы Қазақстан Республикасының Заңымен белгіленген 1,5 айлық есептік көрсеткіш

№	Коэффициенттер түрі	Коэффициент мөлшері
1	Құрылыс үлгісін ескеретін коэффициент (Кт):	
	1.1 кеңселік	1
	1.2 өндірістік	0,8
	1.3 қойма, гараж, қазандық	0,6
	1.4 спорттық ғимараттар (стадиондар, спорттық залдар, спорттық алаңдар)	0,7
	1.5 басқа құрылыстар (ғимараттар)	0,9
2	Тұрғын емес үй-жайдың түрін ескеретін коэффициент (Кк)	
	2.1 жеке тұрған құрылыс	1
	2.2 жапсарлас-жанаса салынған бөлігі	0,9
	2.3 астыңғы (жартылай жертөле) бөлігі	0,7
	2.4 жертөле бөлігі	0,6
	2.5 басқа (шатыр, шатырдағы жай, тамбур, мансарда, лоджия, ашық спорттық құрылыстар және басқа)	0,7
3	Қолайлылық дәрежесін ескеретін коэффициент (Кск)	
	3.1 барлық инженерлік-техникалық құрылғылары бар үй-жайлар үшін (электр энергиясы, кәріз, сумен қамтамасыздандыру, жылу) коммуникациялардың қандай да бір түрлері жоқ болса, әрбір түрге 0,1-ге азаяды	1,0
4	Аумақтық орналасуы ескерілетін коэффициент (Кр):	
	4.1 Астана және Алматы қалалары үшін	республикалық меншік үшін - 3; коммуналдық меншік үшін - 3
	4.2 облыс орталықтары және Байқоңыр қаласы үшін	2
	4.3 облыстық маңызы бар қалалар үшін	1,5
	4.4 аудан орталықтары үшін	1
	4.5 кент, ауыл	0,5
5	Жалдаушының қызмет түрін ескеретін коэффициент (Квд):	
	5.1 банктердің, Ұлттық почта операторының есеп айырысу-кассалық орталықтары үшін, банкоматтар, төлеу терминалдары (мультикассалар) үшін (қол жетімділігі шектеулі республикалық заңды тұлғалардың ғимараттарында 0,5-ке төмендету коэффициенті қолданылады)	2,5
	5.2 брокерлік қызметті жүзеге асыру және кеден қызметтерін көрсету, айырбастау пункттері және қызметі бағалы қағаздар нарығымен байланысты ұйымдар, сақтандыру, инвестициялық компаниялар, нотариалдық кеңселер, адвокаттық кеңселер үшін	3,0
	5.3. сауда, қонақ үй қызметтерін қызметтерін ұйымдастыру үшін, сату автоматтары үшін	2,5
	5.4 қылмыстық-атқарушылық жүйенің ғимараттарында және оқу орындарының жатақханаларында сауда қызметтерін ұйымдастыру үшін	1,9

	5.5 қоғамдық тамақтануды ұйымдастыру үшін (асхана, буфет)	1,5	
	5.6 мынадай салаларда қызметтерді ұйымдастыру үшін: ғылым және жоғары білім беру орта білім және қосымша білім беру, мектепке дейінгі білім беру	1 0,8	, , 1 9
	5.7 денсаулық сақтау, мәдениет және спорт салаларында қызметтерді ұйымдастыру үшін	1,0	
	5.8 ұялы байланыс, интернет желісі саласында қызмет ету үшін (телекоммуникация жабдықтарын орналастыру және басқа)	5,0	
	5.9 өткізу жүйесі бар (қол жетімділігі шектеулі) мемлекеттік заңды тұлғалардың ғимараттарында қызметкерлердің тамақтануын ұйымдастыру, тұрмыстық қызметтерді көрсету	0,5	
	5.10 оқу орындарында (мектептерде, гимназияларда, лицейлерде, колледждерде және спорттық мектептерде) қоғамдық тамақтануды ұйымдастыру (асхана, буфет) үшін	0,5	
	5.11. 5.1-5.10-тармақтарда көрсетілген қызмет түрлерін қоспағанда, қызмет түрлері үшін	1,9	
6	Жалдаушының ұйымдастыру-құқықтық нысанын ескеретін коэффициент (Копф):		
	6.1 сауда-сатып алу (делдалдық) қызметті қоспағанда, өнеркәсіп өндірісін ұйымдастыру және халыққа қызмет көрсету саласын дамыту үшін шағын кәсіпкерлік субъектілері үшін	0,9	
	6.2 акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайыздары немесе акцияларының бақылау пакеттері мемлекетке тиесілі және табысының кемінде 90 пайызын бюджеттік бағдарламаларды орындаудан алатын акционерлік қоғамдар (жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер) үшін	0,8	
	6.3 қайырымдылық және қоғамдық бірлестіктер, коммерциялық емес ұйымдар үшін	0,5	
	6.4 қалғандары үшін	1,0	